

Түркістан облысы, Келес ауданы  
№9 «Көлтоған» жалпы орта білім беретін мектебі  
коммуналдық мемлекеттік мекемесі

# “Оқуға құштар мектеп” жобасы

2022-2023 оқу жылы

«Бекітемін»

Мектеп директоры

К.Турсынбекова



«Келісемін»

Директор орынбасары

Т.Абдимоминов

## «Кітапхана – рухани қазына»

(Үздік оқырман сайысы)

Кітапханашы:  А.Мусабаева

2022-2023 оқу жылы

Түркістан облысы,  
Келес ауданы  
№9 "Көлтоған" жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық  
мемлекеттік мекемесі.

"Бекітемін"

Мектеп директоры  
Қ. Турсынбекова



"Келісемін"

МДОІЖО: 

Т.Абдимоминов

5.12.2022

# *Пікір сайыс*

## *"Айтарым бар"*

*мұғалімдер арасында*

*Тарих пәні мұғалімі:*

*Муратова А*

*Абдуллаева Ж*

2022-2023 оқу жылы

Тақырыбы: "Айтарым бар " Ой мен ойыны (мұғалімдер арасында)

Мақсаты: Тарих және адам, қоғам пән бірлестіктерінің онкүндігіне орай өткізіліп отырған сайыс сабақ. Мұғалімдер өз ойларын еркін тілмен жеткізіп, сөздік қорларын дамыту. Білімдерін одан әрі шындай түседі. Әр бір бөлім бойынша жүйелі түрде сөйлеуге, оқуға, білім алуға деген қызығушылығын оята отырып, ой-өрісін дамытады.

Ұйымдастыру кезеңі: 1 – жүргізуші: Құрметті әріптестер бүгінгі «Айтарым бар» танымдық сайысымызға қош келдіңіздер! Бұл сайыста алғырлар білімділер күш сынаспақ. Ойынға 5 топ қатысқалы отыр.

Ойынға қатысушы сұрақтың тақырыбы мен ұпайын тандайды. Ойынды қол көтерген ойыншы топ бастайды, егер дұрыс жауап берсе келесі сұрақты тандайды, жауабы дұрыс болмаса немесе жауап бере алмаса келесі қол көтерген ойыншы топ жауап береді.

Сайыстың шарттары:

1. Ұстаздарға оқытуға арналған оқулықтар мен оқу әдістемелік кешеннің құрылымы.

2. Әдіс-тәсілдері.

3 Еркін тақырып.

4 «Қол жетті, міне, аңсаған күнге...»

5 Менің ұстаздық кредом...

Мұғалімдер үлес қосар сана менен ақылға,

Мың алғыс бір сабағына татыр ма?

Болуды мен санаймын ең зор бақыт,

Мұғалімдер армиясы сапында

2. Білім саласында оқытуға арналған оқулықтар мен оқу әдістемелік кешеннің құрылымы.

А) Оқу әдістемелік кешенге не жатады? Оқулық Мұғалім кітабы Жұмыс дәптері Дидактикалық материал Лексикалық минимум

Ә) Сабақтың құрылымын атаңыз? Сабақтың басы, Сабақтың ортасы, Сабақтың соңы

Б) Сөйлесім әрекеті қандай? Тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым

В) Оқулықтағы айдарлардың атаныз? Жаңа сөздер, грамматика, жаттайық, білгенге маржан

Д) Мұғалім кітабының құрылымын атаңыз? Бағалау өлшемдері сөйлесу әрекеті сабақ жоспары

3. Әдіс-тәсілдер

А) Оқушылардың шығармашылығын арттырудағы мұғалімдердің рөлі? Кеңесші, сарапшы, жобалаушы, үйретуші бағыттаушы

Ә) Ақ қалпақ қандай мағына береді? Деректер мен шынайы ақпаратқа негізделген бейтарап ұстаным

Б) Төрт адамнан тұратын топтарды жұптарға бөлінеді. А және Ә, Б және В. 1-қадам. А Ә-дан сұхбат алады, ал Б В-дан сұхбат алады. 2-қадам, керісінше. Ә А-дан сұхбат алады, ал В Б-дан сұхбат алады. Қандай әдіс? Үш қадамдық сұхбат әдісі

В) «БББ кестесі» дегеніміз не? Білемін Білгім келеді Білдім

Д) «Бағдаршам» әдісі бойынша сары түс нені білдіреді? Сары – біршама алға жылжу бар, кейбір мәселелер бойынша табысқа қол жеткізілді, алайда сенімсіздік бар, кеңес, көмек сұрайды.

Ал енді қатысушылардың ұпай санын анықтап, жеңімпаз топты анықтайтын кез келді

Қорытынды: Тауды биік деме сен, Талаптансаң шығарсың. Қарсылас мықты деме сен, Білімді болсаң шығарсың- дей келе сайысымызды аяқтаймыз

5-ші өнер сайысы

Мен мұғалім 56 түрлі мамандық иесі болуы керек дегенді әжемнен естігенім бар.... ендеше осы сұрақ айналасында біздің сайысқа қатысушы ұстаздар ізденісін әзіл түрінде әзірлеген екен. Сайыстың келесі кезеңі – «Мұғалім болу қандайды?...» рольдік көрініс әзіл түрінде, берілетін уақыт мөлшері — 5 мин.

**Жүргізуші**

Қош демейміз, әлі талай сайыстар бар,

Өнерлерін шыңдай берсін, қалыспандар.

Көрерменің көбейсін күннен – күнге,

Келе берсін қонақтар ғарыштан да.

**Жүргізуші,**

Тіршілік- арман, бәрімізге де орын бар,

Басады кейде онсыз да қиын жалын бар

Қуаныш та бар, өкініш те бар жолдарда,

Ұстазым менің, достарым менің, Бәрің де аман болындар! – дей отырып, бүгінгі сайысты аяқтаймыз.

## «Кітап- Рухани қазына»

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында .

«Кітап- рухани қазына » атты Оқырман сайысы

Мақсаты: Ұлттық сана- сезімі жоғары ,рухани ойлауы терең,  
мәдениетті,парасатты, ар –ожданы мол,еңбекқор ұрпақты кітап оқу арқылы  
тәрбиелеу.Кітапты сүйе біліуге, кітапты қадірлеуге баулу.

Жүргізуші: Армысыздар ,мұғалімдер –әз жандар

Білім іздеп инемен құдық қазғандар

Сан ұрпақты тәрбиелеп оқытқан,

Өмір деген тәрбиелеп оқытқан;

Өіір деген үлкен жолда тарландар

Жүргізуші: Ақыл-тон аңдағанда тозбайтұғын

Білім-кең қанша болса азбайтұғын,

Қатарың оза шауып бара жатса,

Арқаның ауыры не қозбайтұғын,деп Тұрмағанбет Ізтілеуов айтқандай,білім  
сайысына құлшынып тұрған білімді оқырмандарымызды шақырамыз.

8а –сынып : Асылбекова. Жұмагүл

Рахимова . Аружан

8ә –сынып : Молдабек. Назерке

Үсен. Нұрсая

8 б –сынып : Әлібек Лаура

Мұхамеджан Жасмин

Жүргізуші: Шын жүйріктер саналады жарыста,

Жарыстың ба,орта жлда қалыспа,

Әділ қазы бағалайды сіздерді

Жеңіс мәре жақын ба әлде алыс па

Әділ қазылар алқасымен таныс болыңыздар:

Мектебіміздің психологы : А. Оразбаева

Қазақ тілі пән мұғалімі: . Қ. Моминова

Жүргізуші: Сайыстың бөлімдерімен таныстырып өтейік:

1-Сайыс. Таныстыру

2- Сайыс «Сүйікті жазушының сүйікті кітабы»

3- Сайыс. Ақын жазушылардың өлеңін мәнерлеп жатқа айтады.

4-Сайыс .Сұрақ жауап

.Оқырмандарымыз өздерінің оқыған кітаптары жайлы түсінігін әңгімелеп береді.

«Ақын жазушылардың « өлеңін жатқа айту : Оқырмандарымыз ақын- жазушылардың өлеңдерін мәнерлеп, жатқа айтады.

«Ілім-бұқлақ, Білім -шырақ» Сұраққа жауап береміз. Тек өздерінің оқыған әдеби кітаптарынан қойылады.

Жүргізуші: Сонымен ,оқушылар іске, сәт! Жұлдыздарың жансын! Бірінші шартымыз бойынша оқырмандарымыз өздерін таныстырып өтеді:

Жүргізуші: Қазақ тілім-өз тілім ,ана тілім,

Абай, Мұхтар сөйлеген дара тілім.

Қастерлейді ұл-қызың мәңгі сені,

Болашағым ,бақытым, дара тілім! Оқырмандарымыз

«Сүйікті жазушының сүйікті кітабы» тақырыбы бойынша

Өздері оқыған кітаптарынан түсінік айтатды.(5 минут) уақыт беріледі

3-Шарт | Жүргізуші

Сөйлетер сөзді шеберелер

Өзіңнің ана тіліңмен

Байыптап жақсы оқысаң ,

Негізгі менде білімің, Оқырмандар бұл шартта Өздерінің жаттаған өлеңдерін мәнерлеп айтада.

Жүргізуші: Ұшқыр ойға серік болсын шеберлік

Сөз кезегін сұрақтарға берелік.

Арамызда тапқыр достар көп екен,

Солардың енді жауаптарын көрелік.

Ал енді оқырмандары мызға сұрақтар қоямыз

Асылбекова Ж Ә Нұршайықов <sup>Зияхан</sup> «Ақиқат пен Аңыз»

1. Шығармада «Бауыржан»қандай кісі болғанын көрсетеді

2. (Өзі айтқанынан қайтпайтын ,тәкәппар,өр мінезді кісі болған, )

3 .Шығармада басты кейіпкер кім? (Бауыржан)

4 Бауыржан Момышұлы . Қызыл армия қатарына қай жылдары қызмет етеді

(1932-1934)

5 . Қай жылы полк мектебін бітірді . (1933 ж)

Рахимова Аружан «Ұшқан ұя»

Бауыржанның анасы неше жаста қайтыс болады.? (үш жаста)

Момыш кімнен сауат ашқан .

( Өз бетімен.)

Әжесінің есімі ? ( Қызтумас )

Төлен Әбдікұлы «Оң қол» Молдабек Назерке

6. Әкесінің жанында отырған кімдер ?

1 Уали молда 2 Жиен атасы Самат



Түркістан облысы  
Келес ауданы  
№9 «Көлтоған» жалпы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесі

## «25- қазан Республика күні»



Кітапханашы: А.Мусабаева

2022-2023 оқу жылы

## **Анықтама**

№9 «Көлтоған» жалпы орта білім беретін мектебінде «Оқуға құштар мектеп» аясына байланысты 25- қазан Республика күніне орай 20- қазан күні мектеп кітапханасында 25-қазан Республика күні мересіне орай «Республикам менің» атты челлендж ұйымдастырылды. Челлендж ұйымдастыруға кітапханамыздың үздік оқырмандары белсене қатысты.

Отан туралы, атамекеніміз Қазақстан туралы өлеңдер оқылып, «Отан» «Туған жер» әндері орындалды. Челлендж ауданымыздың мектептеріне жолданды. Мереке қарсаңында мектеп кітапханасында «25- қазан – Республика күні» мерекесіне орай «Менің Отаным- Қазақстан» атты кітап көрмесі ұйымдастырылды. Оқырмандар кітап көрмесін көріп Отанымыз Қазақстан туралы кітаптармен танысты.

Көрмеге «Қазақстан Республикасы рәзімдері» «Ежелгі Отырар» «Түркістан Қаратау тәжі» «Қазақстан елімен сиқырлы саяхат» «Атамекен ғажайып елінің аңыздары» «Қазақстанның қорықтары мен ұлттық бақтары» « Тұғыры биік тұлғалар ордасы» және басқада кітаптар мен Отан Қазақстан туралы буклеттер қойылды. Оқырмандар кітап көрмесін көріп үлкен әсер алды.

**Кітапханашы: А.Мусабаева**







«Оқуға құштар мектеп» Жобасы аясында оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында өткен «Оқу сағаты» жобасының

#### Хаттамасы

№12

#### Күн тәртібінде:

1. «Оқу сағаты» жаңа жобасын таныстыру.
2. Жаппай мектепте бір мезгілде 20 минуттық оқуды ұйымдастыру.
3. Іс-шараға мектеп әкімшілігін, кіші қызметкерлерді, оқушыларды түгелдеу тарту.

Тыңдалды: «Оқуға құштар мектеп» Жобасы аясында Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей тапсырмасын орындау және оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын ояту мақсатында мектеп әкімшілігімен «Оқу сағаты» жаңа жобасы талқыланды. 17 наурыз күні мектебімізде осы жаңа жоба қолға алынып, кітапханада оқырмандар, мектеп әкімшілігі өз жұмыс орындарында, оқушылар өз сыныптарында мектептің кіші қызметкерінен бастап барлығы бір мезгілде кітап оқыды. Осы жоба екі аптада бір рет ұйымдастырылып тұрса деген ұсыныс айтылды. Біздің мақсатымыз баланы кітап оқуға қызықтыру, кітапханаға тарту.

Мектебіміздің мұғалімдері де бұл жобаға қатысып, кітапханада бос уақыттарында кітап оқыды.

Кітапханашы А.Мусабаева короновирус індетіне қатысты санитарлық талаптардың орындалуын керектігін ескертті.

#### Ұсыныс

1. Кітапханада «Оқуға құштар мектеп» Жобасы аясында «Оқу сағаты» жаңа жобасы жалғасын тапсын.
2. Мектепте екі аптада бір рет «Оқу сағаты» ұйымдастырылсын.

Түркістан облысы Келес ауданы

№9 «Көлтоған» жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық  
мемлекеттік мекемесі

# **READx-жобасы**

## **«Оқуға ұмтыл»**

Кітапханашы: А.Мусабаева

Түркістан облысы, Келес ауданы  
№9 «Көлтоған» жалпы орта білім беретін мектебі коммуналдық мемлекеттік  
мекемесі.

**Ахмет Байтұрсынұлының  
туылғанына 150 жыл  
«Тіл жанашыры»**

Мектеп кітапханашы: А.Мусабаева

2022-2023 оқу жылы



Күні:

**Тақырыбы: Ахмет Байтұрсынұлының туылғанына 150 жыл**

**Мақсаты:** 1. Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығы, кітаптары, ғылыми еңбектері туралы мағлұмат беру.

2. Ақын өмірін оқушыларға үлгі ете отырып, өз елін сүйуге, оның көркеюіне үлес қосуға тәрбиелеу

3. Оқушылардың танымдық деңгейін дамыту

**Тәрбие сағатының өту барысы:**

Жүргізуші: -Балалар, бүгінгі тәрбие сағатымыз Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық өмір жолына арналады.

Ахмет Байтұрсынұлы. Осы бір есім елге таныс болғалы «Мен-қазақпын» деген азаматтың бір селт етпейтіні жоқ та шығар.

-Ахмет Байтұрсынұлы өмірі туралы не білеміз, қане ортаға салайық. Ол кісі қай жылы, қай өңірде дүниеге келген?

Ахмет Байтұрсынұлы

1-оқушы:

Биылғы жыл халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, кешегі Абай, Ыбырай, Шокан салған ағартушылық, демократтық бағытты ілгері жалғастырушы ірі ғалым, көсемсөз шебері, әдебиет зерттеуші, тюрколог, дарынды ақын-аудармашы Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толған мерейлі жыл.

2-оқушы:

Ахмет Байтұрсынұлы- қыры мен сыры мейлінше мол адам. Біріншіден, ол қазақ тілінің тұңғыш әліппесі мен оқулықтарының авторы. Ол жазған мектеп оқулықтары 1914- 1915 жылдан 1927- 1928 жылға дейін пайдаланылып келді. Қазақ оқушыларының бірнеше буыны сауатын Байтұрсынұлының “Әліпбиімен” ашып, ана тілін Байтұрсынұлының “Тіл құралы” арқылы оқып үйренді.

3-оқушы:

Ахмет Байтұрсынұлы-қазақ ән-күй өнеріне де терең ой жіберген ғалым. А.В.Затаевичтің айтуынша, ол шебер домбырашы, әнші болған. Халық әндерін, күйлерін жинаған және олардың шығу тарихын да білген.



Жүргізуші: Ахмет Байтұрсынұлы- ақын және аудармашы. Оның өлеңдері “Қырық мысал” , “Маса”, “Үзік” деген аттармен 1912 жылдан 1922 жылға дейін бірнеше рет жарияланған. “Масаға” енген өлеңдер қараңғылық, надандық, шаруаға енжарлық, қазақты шағуға дайын тұрған жылан. Оның иесі аяқтары ұзын, сары маса болып ызындап, ұйықтап жатқан халқын оятпақшы.  
(презентация)

Көркемсөз оқушы: Нұрлы

Ызындап ұшқан мынау біздің сары маса,  
Сап- сары аяқтары ұзын маса,  
Өзіне біткен түсі өзгерілмес,  
Дегенмен қара яки қызыл маса.  
Үстінде ұйықтағанның айнала ұшып,  
Қаққы жеп қанаттары бұзылғанша.  
Ұйқысын аз да болса бөлмес пе екен,  
Қоймастан құлағына ызындаса?

Оқушы:

Ахмет тек өзі ғана жазып қоймай, аудармашылықпен де айналысқан. Ол «Қырық мысал» 1909 жылы Петербург қаласында бастырады. Орыстың классик мысалшысы И.А. Крылов мысалдарының бір тобын аударған. Крыловтан аудармалары өз еліне тән, жақын екенін сезіп отырып таңдаған. Бұл тұңғыш аударма еді. Ол «Замандастарыма» деген кіріспесінде

«Орыстың тәржіме еттім мысалдарын,  
Өзірге қолдан келген осы барым.  
Қанағат азға деген, жоққа- сабыр,  
Қомсынып қоңырайма, құрбыларым»- дейді.  
«Қасқыр мен қозы» мысалынан көрініс

Автор:

Бұлаққа су ішуге келді Қозы,  
Жанында серігі жоқ, жалғыз өзі.  
«Бәрі жоқ, десең шығар, бөрік астынан»,  
Пәле мен қаза алыс па келсе кезі.  
Қаңғырған тамақ іздеп бір аш бөрі  
Қозыға жетіп келді жайнап көзі.  
Жемекке кінә қойып сол арада,  
Жала ғып, міне, Қасқыр айтқан сөзі:

Қасқыр:

«Сен, Қозы, текке қарап жүре алмайсың,  
Соқтықпа маған десем, тіл алмайсың.

«Ол саған әлде күйеу, әлде құда,  
Сүймейді қой атаулы мені жүдә..  
Иә бөлен, иә жиенің, иә нағашың,  
Әйтеуір, саған ұқсас еді о да.  
Қой заты талай жәбір берді маған,  
Соларын мен де істеймін енді саған.  
Кегімді қойдан алмай кімнен алам  
Тауыспа о деп, бұ деп сөзді оған».

Қозы:

«Тақсыр-ай, еш жазығым жоқ қой менің,  
Жәбір қой біреу үшін күйдіргенін»

Қасқыр:

«Үндеме! Жетер! Қазір мұрсатым жоқ  
Тұруға ақ-қаранды тергеп сенің.  
Алыпсың жаман әдет қарсыласып,  
Сенімен тұрам ба мен мылжындасып.  
Айтайын, білгің келсе, Қозым, саған,  
Кінәң сол- жегім кеп тұр қарным ашып».

Автор:

«Шошиды Қозы байғұс құлқын танып,  
Құтылар білгенменен онан нағып  
Болсын ба Қозы жұмыс Қасекеңе,-  
Жөнелді иығына салып алып.  
Орманға Қасқыр кетті Қозыны алып,  
Белгілі етер ісі алып барып.  
Осындай жазықсызды жазғыратын  
Әр жерде күштілер де бар ғой қалып.  
Қасқырдың зорлық болды еткен ісі,  
Ойлаймын – оны мақтар шықпас кісі.  
Нашарды талай адам талап жеп жүр,  
Бөріден артық дейміз оның несі».  
-Қазағым , елім,  
Қайқайып белің  
Сынуға тұр таянып  
Талауда малың,  
Қамауда жаның,

Аш көзіңді оянып» деп халқын келешекке бастаған ақынды ашындырған-патша заманының зұлым саясаты, зорлық-зомбылығы, қорлығы еді.

Мойныңды қазір жұлып алайын ба,  
Суымды неге былғап, лайлайсын»

Қозы:

«Қасқыр, тақсыр, тоқта азырақ  
Тергеңіз кінәм болса ғаділ бірақ.  
Ізіңіз жатқан жерден төмен келіп,  
Іштім мен жүз қадамдай қашығырақ.  
Бұл жерден ең аз болса бір жүз қадам,  
Мүмкін бе лайлауға осы арадан  
Сіз түгіл, өзгеге жоқ қиянатым,  
Не шара жеткен болса бүгін қазам»

Қасқыр:

Бекер ме, менің сөзім  
Білесің жалғаншы деп кімді өзің  
Әкенді алдындағы танымасың  
Балам, сен байқап қара, ашып көзің  
Осындай сөздер мені күйдіреді,  
Десем де шыдайын-ақ етіп төзім.  
Есімнен өле-өлгенше кете қалмас  
Былтырғы осы арада сөккен сөзің.

Қозы:

«Кезек бер біразырақ сөзге, тақсыр  
Келемін жарты жасқа күзге, тақсыр  
Жаралып дүниеге биыл келсем,  
Тиемін былтыр неғып, сірә, тақсыр»

Қасқыр:

«Ол енше сен болмасаң, сенің ағаң,  
Ойларың мені жоймақ, келсе шамаң.  
Ит болсын, қойшың болсын, қожаң болсын,  
Жауыздық ойлайсыңдар бәрің маған»

Қозы:

«Нансаңыз ағам да жоқ, інім де жоқ,  
Уа, қайыры нашарлықтан мінім де жоқ.  
Нақақтан мені тақсыр күйдіресіз,  
Жауыздық сізге ойлаған күнім де жоқ».

Қасқыр:

Жүргізуші: Сонау қылышынан қан тамған қаһарлы жылдары жазықсыз мындаған адамдар «Халық жауы» деген жаламен айыпталып, жер аударылып кетті. Кейбір деректерге қарағанда 6 млн. адам қуғын-сүргінге ұшырап, оның 900 мыңдайы атылған. Сондағы 25 мыңға жуық қазақтың ішінде бес арысымыз Жүсіпбек Аймауытұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатов, Мағжан Жұмабаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы болған еді.

...Адам өмірінде болатын аумалы-төкпелі уақыт қайғысымен де, қуанышымен де ерекше айқындалатын болса керек. Ахмет Байтұрсынұлы тағдыр толқындарынан, қайғы-қасірет сілкіністерден, тар жол тайғақ кешулерден өткен еді...

оқушы:

Қарқаралыда мұғалім болып жүргенде патша үкіметінің әділетсіздігіне қарсы наразылық білдірушілердің қатарында болғаны үшін, 1909 жылы Семей түрмесіне қамауға алынады. Кейін қазақ жерінен тысқары жерде тұруға үкім шығарып, 1910 жылдың наурызынан 1917 жылдың соңына дейін Орынбор қаласында тұрады. Семей түрмесінде жатқанда анасына арнап «Анама хат» атты өлең жазды.

Анама хат

Қарағым, айналайын, қамқор анам  
Арнап хат жазайын деп алдым қалам.  
Сені онда, мені мұнда аман сақтап,  
Көруге жазғай еді хақ тағалам  
Бара алмай, өтірікші болып әбден,  
Семейдің түрмесінде отыр балаң.  
Мал ұрлап, кісі өлтірген айыбы жоқ,  
Өкімет- ер зорлыққа не бар шараң  
«Үмітсіз шайтан болсын» деген сөз бар,  
Жолдар көп жәннетке де тарам-тарам.  
Оқ тиіп он ішімде ой түсіріп,  
Бітпеген жүрегімде бар бір жарам.  
Алданып тамағыма, оны ұмытсам,  
Болғандай жегенімнің бәрі харам.  
Адамнан туып, адам ісін етпей,  
Ұялмай не бетіммен көрге барам  
Көп айтпай, қысқасынан сездіретін  
Балаңның мінезі бар сөзге сараң.  
Кетер деп «суға құлап, отқа түсіп»  
Қайғы жеп, менің үшін болма алаң,

Жүргізуші: -Ахмет Байтұрсынұлының -еңбегі жанған жанның бірі. Істеген ісінің жемісі-соңынан келе жатқан жастар. Оның арты Ахмет Мектебіне тізіліп, кіріп жатқан жас буын, жаңа өсіп келе жатқан қазақ әдебиеті Ах өзінің басшысы деп

санайды. Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі елшілдік ұраны-«Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та тарих ұмытпайды.

-Әрине, Ахмет тағылымын бір сәтте оқып білуге болмайды. Оны жылдар бойы оқып үйренуіміз керек. Ахмет Байтұрсынұлының ақын, публицист, ғалым, қоғам қайраткері санатында жасаған барлық еңбегі, тартқан қорлық, көрген азабы, болашаққа сенген үміт-арманы-баршасы ұлы миссияны орындауға, туған халқы үшін қасықтай қаны қалғанша қалтықсыз қызмет етуге арналған.

Қорытынды: “Сандықша” сұрақтары

Мұғалімі: сандықшаның ішінде Ахмет атаның мысалында кездесетін зат жатыр. Оның көмегімен өзіңнің бейнеңді көруге болады. Ол не?

Балалар: Айна

- Ал мына затты кейіпкер ем үшін киемін деп алады.

Балалар:Көзілдірік

- Мына затты пайдаланған мысал кейіпкері байлыққа құнығып кетеді.

Балалар: Әмиян

- А. Байтұрсыновтың өлеңдер жинағының “Маса” деп аталуының себебі неде?

(Өлеңдерін “Маса” етіп жұмсап, ел құлағына барып ызыңдап, ұйқыдан оятуға тырысты)

Я құдайым! Аққа жақ!

Өзіңе аян- мен нақақ.

Аққа деген жолымның

Абыройын ашпай, жап! - бұл шумақтар қай өлеңнен алынған?(“Тілек- батам”)

2. Жас Ахметтің жүрегіне жара түсіріп, “Анама хат” өлеңінің жарық көруіне себеп болған қандай оқиға? (Патша чиновниктерімен қақтығысқа келгені үшін әкесі мен ағасының сотталып жер аударылуы, жазалаушы отрядтың елге жасаған зорлық- зомбылығы)

3. Әйгілі орыс ғалымы Григорий Николаевич Потанинге тарту ретінде Москвада жарық көрген кітабы? (“Ер Сайын” жыры)

4.“Қазақ қалпы” өлеңінде Ахмет Байтұрсынов қазақ елін неге теңейді? (Теңізде жүзіп жүрген еспесіз қалтылдақ қайыққа теңейді)

5. А. Байтұрсыновтың “Ақын ініме” өлеңі кімге арналған? (Міржақып Дулатовқа арналған)









№9 «Көлтоған» жалпы орта білім беретін  
мектептің кітапханашысы: Мусабаева Айгүл  
және қазақ тілі пәнінің бірлестік жетекшісі: Б.Орынбаеваның  
ұйымдастыруымен мектеп АКТ залында көпшілік оқырмандармен  
қазақ халқының ұлы көсемі ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының 150  
жылдығына орай “Тіл жанашыры”атты әдеби кеш өтті.

### ХАТТАМА

“Оқуға құштар мектеп” жобасы аясында өткізілген іс-шаралар жайлы  
мәлімет.

Кеште А.Байтұрсынұлының өмірімен қысқаша көрініс қойылып,  
Алпыспай Дидар Ахметтің ролын ойнады.Ақын өлеңдерін Жолдасова  
Зия Майлыбай Әсел,Тұрсын Тоғжан,Құдайберген Альмира,Қырғызбаева  
Ардақ, т.б жатқа айтты.

Біртілек ауылдық клубының қызметкері Сансызбай Қуаныш “Туған жер”  
әнін орындады.

“Ұлт ұстазы” атты кітап көрме жасалды.

Мақсаты:Қазақ халқының әлеуметтік-саяси және мәдени тарихи өмірі  
айрықша зор тұлға.

А.Байтұрсынұлының өнегелі өмірі мен шығармашылық туралы мағлұмат  
беру.